



Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 112 өкімі.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

1. Қоғам мен мемлекет алдындағы қызметтік және азаматтық борышын лайықты орындағаны үшін адамдарды моральдық көтермелеу шарасы ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасы (бұдан әрі – Құрмет грамотасы) тағайындалсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Құрмет грамотасы туралы ереже;
- 2) Құрмет грамотасының сипаттамасы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2020 жылғы 8 маусымдағы
№ 112 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасы туралы ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасын (бұдан әрі – Құрмет грамотасы) дайындау, тіркеу және тапсыру тәртібін айқындайды.

2. Құрмет грамотасы қоғам мен мемлекет алдында сіңірген еңбегі үшін моральдық көтермелеудің нысаны болып табылады.

3. Құрмет грамотасымен Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар қоғам мен мемлекет алдындағы қызметтік және азаматтық борышын лайықты орындағаны үшін марапатталады.

4. Құрмет грамотасы Қазақстан Республикасы Президентінің өз бастамасы бойынша, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ұсынысы бойынша да қабылдайтын шешімімен тапсырылады.

5. Құрмет грамотасымен көтермелеуге ұсынылған кандидатуралар Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде олар жетекшілік ететін қызмет салалары шеңберінде қаралады. Көтермелеу туралы ұсынымда осы

Ереженің 3-тармағында көрсетілген адамдардың сiңiрген еңбегi (жетiстiктерi) туралы мәлiметтер қамтылуға тиiс. Ұсынымға Құрмет грамотасы мәтiнiнiң жобасы қоса берiледi.

6. Құрмет грамотасы:

1) тиiсiнше мемлекеттiк, орыс немесе ағылшын тiлiнде жасалады және бекiтiлген бланкiлерде басылады;

2) оған Қазақстан Республикасының Президентi қол қояды;

3) оны Мемлекет басшысы не оның уәкiлеттiгi бойынша өзге лауазымды адамдар салтанатты жағдайда тапсырады.

7. Құрмет грамотасымен көтермелеу туралы мәлiметтер оған ие болған адамның еңбек кiтапшасына және жеке iсiне (атқарған қызметтiк тiзiмiне) енгiзiледi.

8. Құрмет грамотасымен қайталап көтермелеу ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Президентiнiң шешiмi бойынша жүргiзiледi.

9. Құрмет грамотасының мәтiнiнiң дайындалуын және ресiмделуiн бақылау мен үйлестiрудi, оны Мемлекет басшысына қол қоюға енгiзудi Қазақстан Республикасы Президентi Кеңесiнiң бастығы жүзеге асырады.

10. Құрмет грамотасы жүргiзiлген көтермелеулердi есепке алу үшiн Қазақстан Республикасы Президентiнiң құрмет грамоталары кiтабында тiркеледi, ол Қазақстан Республикасы Президентi Әкiмшiлiгiнiң Жалпы бөлiмiнде сақталады.

11. Құрмет грамотасының бланкiлерi мен оларға жақтауларды дайындауды Қазақстан Республикасы Президентi Әкiмшiлiгi Жалпы бөлiмiнiң өтiнiмдерi бойынша Қазақстан Республикасы Президентiнiң Iс басқармасы қамтамасыз етедi.

12. Құрмет грамотасы жоғалған жағдайда телнұсқа берiлмейдi.

13. Құрмет грамотасына сыртқы түрi бойынша ұқсастығы бар грамоталар дайындауға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы
Президентiнiң
2020 жылғы 8 маусымдағы
№ 112 өкiмiмен
БЕКIТIЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентiнiң Құрмет грамотасының СИПАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Президентiнiң Құрмет грамотасының (бұдан әрi – Құрмет грамотасы) бланкiсi көлденеңiнен және барлық периметрi бойынша енi 0,3 мм көк түстi ұлттық оюмен өрнектелген А4 форматындағы "Sirio Pearl, алтын" үлгiдегi қағазда дайындалады.

Жиектiң iшкi жоғарғы бөлiгiнiң ортасында көлемi 50x27 мм Қазақстан Республикасы Президентiнiң штандартының бейнесi орналасқан, оның төменгi

жағында – 18 өлшемдегі алтын түсті "Palatino Linotype" қарпімен "Қазақстан Республикасының Президенті", төменде – 40 өлшемдегі алтын түсті қою бояулы "Trajan Pro 3" қарпімен "ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ" (тиісінше орыс тілінде – "Президент Республики Казахстан" және "ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА"; ағылшын тілінде – "PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN" және "HONORARY DIPLOMA") деген жазулар орналасқан.

Құрмет грамотасының мәтіні:

көтермелеуге ұсыныс беру үшін негіз болған тиісті саладағы сіңірген еңбегі мен жетістіктерінің қысқаша көрсетілуін (19 өлшемдегі курсивпен көк түсті "Calibri" қарпімен басылады);

көтермеленушінің А.Ә.Т. (барыс септігіндегі бас әріптермен 19 өлшемдегі курсивпен алтын түсті "Calibri" қарпімен);

көтермеленушінің (бар болған жағдайда) лауазымының атауын (барыс септігіндегі 19 өлшемдегі курсивпен көк түсті "Calibri" қарпімен) қамтиды.

Құрмет грамотасының мәтіні тиісінше мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерінде басылады.

Құрмет грамотасының мәтінінен кейін оң жағында – мәтіннің тіліне байланысты мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерінде Мемлекет басшысының аты мен тегі (16 өлшемдегі қою бояулы алтын түсті "Palatino Linotype" қарпімен), оңға қарай диаметрі 25 мм күлгін түсті "Қазақстан Республикасының Президенті" деген айналдыра жазуы бар елтаңбалы мөр орналасады.

Төменгі оң жақ бөлігінде тиісінше мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерінде (14 өлшемдегі курсивпен көк түсті "Calibri" қарпімен) "Нұр-Сұлтан, Ақорда, 20_ жылғы айы" деген сөздер орналасады.

Құрмет грамотасының жоғарыда көрсетілген элементтерінің артқы аясында Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақорда" Резиденциясының түрлі-түсті бейнесі орта тұста орналасқан.

Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасының кескіндемесі

мемлекеттік тілде



орыс тілінде




ағылшын тілінде



PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
HONORARY DIPLOMA

is awarded to
_____ indicate merits and accomplishments of the recipient _____
_____ full name _____
_____ position (if any) _____



first and last name of the President
of the Republic of Kazakhstan

the
official seal
of the Republic
of Kazakhstan

Nur-Sultan, Akorda, Month 20__